ПӘТЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ ШАРТЫ
ДОГОВОР АРЕНДЫ КВАРТИРЫ

қ./г._____	«__» _____2026 ж/г.
_____ (Т.А.Ә.), бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір тараптан және _____ (Т.А.Ә.), бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі «Шарт») жасасты:	_____ (Ф.И.О.), далее «Арендодатель», с одной стороны, и _____ (Ф.И.О.), далее «Арендатор», со второй стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше или «Сторона», заключили настоящий Договор (далее «Договор») о нижеследующем:
1. Шарттың нысанасы	**1. Предмет Договора**
1.1. Жалға беруші Жалға алушыға **___ (_____) ай мерзімге: 2026 жылғы «__» _____ бастап 202_ жылғы «___» _____ дейін** _____ _____ мекенжайында орналасқан __ бөлмеден тұратын пәтерді (бұдан әрі «Пәтер») уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға) береді, ал Жалға алушы Жалға берушіге ай сайын әр айдың __ күніне дейін (100% алдын ала төлем) _____ (_____) теңге мөлшерінде жалдау ақысын төлеуге, сондай-ақ әр айдың 15 күніне дейін Пәтерді күтіп-ұстауға және пайдалануға байланысты барлық коммуналдық төлемдер мен алымдардың, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: электр энергиясы, газ, қоқыс шығару, жылыту, ыстық және суық сумен жабдықтау, интернет, бейнебақылау, лифт, домофон, кабельдік теледидар, ПИК (пәтер иелері кооперативі), МИБ (мүлік иелерінің бірлестігі), басқарушы компания қызметтері және барлық өзге де төлемдер мен алымдардың құнын төлеуге міндеттенеді.	1.1. Арендодатель передает Арендатору во временное владение и пользование (в аренду) сроком на **___ (_____) месяцев: с «__» _____ 2026 года по «___» _____ 202_ года** квартиру, состоящую из __ комнат, расположенную по адресу: _____ _____ (далее «Квартира»), а Арендатор обязуется ежемесячно оплачивать Арендодателю до __ числа каждого месяца (100% предоплата) арендную плату в размере _____ (_____) тенге, а также до 15 числа каждого месяца оплачивать стоимость всех коммунальных платежей и сборов, связанных с содержанием и эксплуатацией Квартиры, включая, но не ограничиваясь: за электроэнергию, газ, вывоз мусора, отопление, горячее и холодное водоснабжение, интернет, видеонаблюдение, лифт, домофон, кабельное телевидение, услуги КСК, ОСИ, управляющей компании и все другие.
1.2. Пәтерде үй жануарларын ұстауға **жол беріледі/жол берілмейді** (*қажетінің астын сызу керек және жол берілген жағдайда, жануарлардың қандай түріне рұқсат етілетінін көрсету керек*) _____.	1.2. Содержание в квартире домашних животных **допускается/не допускается** *(нужное подчеркнуть и если допускается, то указать для какого вида животных*) _____.
1.3. Жалға алушы Жалға берушіге _____ (_____) теңге мөлшерінде кепілдік жарнаны (депозитті) берді, ол Жалға берушіге Пәтер, Пәтердің кілттері және Пәтермен бірге алынған мүлік табиғи тозуы ескеріле отырып, Жалға алушы оларды алған кездегі күйінде уақтылы қайтарылған жағдайда қайтарылуға жатады. Егер Жалға алушы және/немесе онымен бірге тұратын адамдар Пәтердің және/немесе ондағы Жалға берушінің мүлкінің жай-күйін нашарлатса және/немесе кез келген өзге тәсілмен Пәтерге және/немесе Жалға берушіге залал келтірсе және/немесе Пәтерді тазаламай қайтарса және/немесе Пәтерде өз заттарын қалдырса және/немесе осы Шартта көзделген төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерін бұзса, кепілдік жарнаны (депозитті) Жалға беруші толық немесе ішінара ұстап қалады. Егер келтірілген залалдың немесе	1.3. Арендатор передал Арендодателю гарантийный взнос (депозит) в размере _____ (_____) тенге, который подлежит возврату при своевременном возврате Арендодателю Квартиры, ключей от Квартиры и полученного с Квартирой имущества в таком же состоянии, в котором Арендатор их получил, с учетом естественного износа. Гарантийный взнос (депозит) удерживается Арендодателем полностью или частично в случае, если Арендатор и/или проживающие совместно с ним лица ухудшили состояние Квартиры и/или находящегося в ней имущества Арендодателя и/или любым иным образом причинили ущерб Квартире и/или Арендодателю и/или возвратили Квартиру без уборки и/или оставили в Квартире свои вещи и/или нарушили обязательства по оплате платежей, предусмотренных настоящим Договором.

төленбеген берешектің мөлшері кепілдік жарнаның (депозиттің) сомасынан асып кетсе, Жалға алушы Жалға берушіден тиісті талапты алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде айырманы Жалға берушіге өтеуге міндеттенеді.	Если размер причинённого ущерба или неоплаченной задолженности превышает сумму гарантийного взноса (депозита), Арендатор обязуется возместить Арендодателю разницу в течение 5 (пяти) календарных дней с момента получения соответствующего требования от Арендодателя.
2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	**2. Права и обязанности Сторон**
2.1. Жалға алушы міндетті:	**2.1. Арендатор обязан:**
2.1.1. Пәтерді тек тұру үшін пайдалануға.	2.1.1. Использовать Квартиру только для проживания.
2.1.2. Пәтерді және ондағы Жалға берушінің мүлкін таза, техникалық жағынан жарамды, тиісті санитариялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай күйде ұстауға.	2.1.2. Содержать Квартиру и находящееся в ней имущество Арендодателя в чистом, технически исправном, надлежащем санитарном и противопожарном состоянии.
2.1.3. Түнгі уақытта Пәтерде тыныштықтың бұзылуына жол бермеуге.	2.1.3. Не допускать нарушений тишины в Квартире в ночное время.
2.1.4. Жалға берушінің жазбаша рұқсатынсыз Пәтерді қайта жоспарлауды, жөндеуді, қайта жабдықтауды, Пәтерден ажыратылмайтын жақсартуларды, инженерлік желілер мен коммуникацияларды көшіруді жүзеге асырмауға.	2.1.4. Не производить перепланировку, ремонт, переоборудование, неотделимые улучшения Квартиры, перенос инженерных сетей и коммуникаций без письменного разрешения Арендодателя.
2.1.5. Жалға берушінің жазбаша рұқсатынсыз кіреберіс есіктің құлпын ауыстырмауға. Құлып осылай ауыстырылған жағдайда, Пәтердің кіреберіс есігінің жаңа құлпының кемінде екі кілтін Жалға берушіге дереу беруге.	2.1.5. Не производить замену замка входной двери без письменного разрешения Арендодателя. В случае такой замены незамедлительно передать Арендодателю не менее двух ключей от нового замка входной двери Квартиры.
2.1.6. Пәтерде және Пәтер орналасқан тұрғын үйдің ортақ пайдаланылатын орындарында өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауға. Пәтерде, сондай-ақ Пәтер орналасқан тұрғын үйдің ортақ пайдаланылатын орындарында темекі шегуге жол берілмейді (тыйым салынады).	2.1.6. Соблюдать меры противопожарной безопасности в Квартире и местах общего пользования жилого дома, в котором расположена Квартира. Курение в Квартире, а также в местах общего пользования жилого дома, в котором расположена Квартира, не допускается (запрещено).
2.1.7. Инженерлік-техникалық коммуникациялар мен Пәтердің басқа да жабдықтарының анықталған барлық авариялары, зақымданулары, ақаулары және өзге де кемшіліктері туралы Жалға берушіні, сондай-ақ тиісті авариялық-техникалық және өзге де қызметтерді дереу хабардар етуге.	2.1.7. Незамедлительно уведомлять Арендодателя, а также соответствующие аварийно-технические и иные службы о всех обнаруженных авариях, повреждениях, неисправностях и иных дефектах инженерно-технических коммуникаций и другого оборудования Квартиры.
2.1.8. Жалға алушының және/немесе Пәтерде Жалға алушымен бірге тұратын адамдардың кінәсінен жиһаздың, тұрмыстық техниканың, сантехниканың, электр техникалық аспаптардың, сондай-ақ Жалға берушінің өзге де мүлкінің бұзылуы туралы Жалға берушіге хабарлауға және оларды жөндеуді өз есебінен ұйымдастыруға.	2.1.8. Сообщать Арендодателю и за свой счет организовать проведение ремонта поломок мебели, бытовой техники, сантехники, электротехнических приборов, а также иного имущества Арендодателя по вине Арендатора и/или лиц, проживающих в Квартире совместно с Арендатором.
2.1.9. **Шарттың 1.1. тармағында көрсетілген жалдау мерзімінің соңғы күні** не **осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған күні** Жалға берушіге Пәтерді, пәтердің кіреберіс есігінің кілттерін және Пәтермен бірге алынған мүлікті қалыпты тозуы ескеріле отырып, Жалға алушы оларды алған кез-	2.1.9. Возвратить Арендодателю Квартиру, ключи от входной двери квартиры и полученное с Квартирой имущество в таком же чистом, технически исправном, надлежащем санитарном и противопожарном состоянии, в котором Арендатор их получил, с учетом нормального износа, и с полным погашением

дегідей таза, техникалық жағынан жарамды, тиісті санитариялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай күйде, жалдау төлемдері мен Шартта көзделген өзге де төлемдер бойынша берешекті толық өтеп қайтаруға. Жалға алушының көрсетілген міндеттерді орындауы екі Тарап қол қойған Пәтерді қайтару актісімен расталуға тиіс.	задолженности по арендным и иным предусмотренным Договором платежам **в последний день срока аренды, указанного в пункте 1.1. Договора**, либо **в день досрочного расторжения настоящего Договора**. Исполнение Арендатором указанных обязанностей должно подтверждаться Актом возврата Квартиры, подписанным обеими Сторонами.
2.1.10. Пәтерге қатысты ешқандай мәмілелер жасамауға және Пәтерді және/немесе Пәтермен бірге алынған мүлікті жалға, қосалқы жалға немесе өтеусіз пайдалануға бермеуге.	2.1.10. Не заключать никаких сделок с Квартирой и не передавать Квартиру и/или имущество, полученное вместе с Квартирой, в аренду, субаренду или ссуду.
2.1.11. Пәтерде тек Жалға алушының өзінің және жалпы саны ___ адам болатын мына адамдардың ғана тұруын қамтамасыз етуге: _____ _____	2.1.11. Обеспечить проживание в Квартире только самого Арендатора и следующих лиц в количестве ___ человек: _____ _____
2.1.12. Өзінің әрекеттері/әрекетсіздігі, сондай-ақ Пәтерде Жалға алушымен бірге тұратын басқа адамдардың және қонақтардың әрекеттері/әрекетсіздігі үшін Жалға берушінің және үшінші тұлғалардың (оның ішінде көршілес тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің) алдында мүліктік жауаптылықта болуға.	2.1.12. Нести имущественную ответственность перед Арендодателем и третьими лицами (включая собственников соседних жилых и нежилых помещений) за свои действия/бездействие, а также за действия/бездействие других лиц, проживающих в Квартире совместно с Арендатором, и гостей.
2.1.13. Осы Шарт талаптарының сақталуын бақылау үшін Жалға берушіні/Жалға берушінің өкілдерін кедергісіз кіргізуге және анықталған бұзушылықтарды Жалға беруші белгілеген мерзімдерде жоюға.	2.1.13. Беспрепятственно допускать Арендодателя/представителей Арендодателя для контроля соблюдения условий настоящего Договора и в установленные Арендодателем сроки устранять выявленные нарушения.
2.1.14. Жалға берушіге коммуналдық қызметтерге ақы төленгенін растайтын жазбаша және электрондық құжаттарды ұсынуға.	2.1.14. Предоставлять Арендодателю письменные и электронные подтверждения оплаты коммунальных услуг.
2.2. Жалға беруші құқылы:	**2.2. Арендодатель вправе:**
2.2.1. Пәтерді және ондағы Жалға берушіге тиесілі мүлікті қарап-тексеру арқылы Шарт талаптарының сақталуын бақылауға.	2.2.1. Производить контроль соблюдения условий Договора путем осмотра Квартиры и находящегося в ней имущества, принадлежащего Арендодателю.
2.2.2. Жалға алушыны алдын ала хабардар ете отырып, жылыту, сумен жабдықтау жүйелерінің апараларын, өрт қаупін, Пәтердің түтінденуін шұғыл жою үшін Пәтерді ашуға, сондай-ақ Жалға алушымен байланыс 30 (отыз) күннен астам уақыт бойы болмаған жағдайда, ПИК/МИБ/басқарушы компания өкілдерінің және полицияның қатысуымен Пәтерді ашуға.	2.2.2. Вскрыть Квартиру для срочного устранения аварий систем отопления, водоснабжения, угрозы пожара, задымления Квартиры с предварительным оповещением Арендатора, а также с участием представителей КСК/ОСИ/управляющей компании и полиции в случае потери связи с Арендатором более 30 (тридцати) дней.
3. Тараптардың жауапкершілігі	**3. Ответственность Сторон**
3.1. Жалға беруші осы Шарттың 3.2. тармағына сәйкес кемінде **10 (он) күн бұрын** хабардар ете отырып Шартты бұзу жағдайын қоспағанда, Жалға алушыны Шартты бұзу күніне дейін кемінде **30 (отыз) күн** бұрын хабардар ете отырып, осы Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.	3.1. Арендодатель вправе в любое время досрочно расторгнуть настоящий Договор, уведомив об этом Арендатора не менее чем **за 30 (тридцать) дней** до даты расторжения Договора, за исключением расторжения Договора согласно пункту 3.2. настоящего Договора с уведомлением не менее чем **за 10 (десять) дней**.
3.2. Жалға алушының және/немесе онымен бірге	3.2. Нарушение Арендатором и/или любым из сов-

тұратын кез келген адамның осы Шарт талаптарын бұзуы және/немесе олардың кез келгенінің Пәтерге және/немесе ондағы Жалға берушінің мүлкіне залал келтіруі **осы Шартты елеулі түрде бұзу болып табылады**. Көрсетілген жағдайларда Жалға беруші Жалға алушыны бұл туралы кемінде **10 (он) күн бұрын** хабардар ете отырып, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.	местно проживающих с ним лиц условий настоящего Договора и/или причинение любым из них ущерба Квартире и/или находящемуся в ней имуществу Арендодателя является **существенным нарушением настоящего Договора**. В указанных случаях Арендодатель вправе досрочно расторгнуть настоящий Договор, уведомив об этом Арендатора не менее чем **за 10 (десять) дней**.
3.3. Жалға алушы Жалға берушіні Шартты бұзу күніне дейін кемінде **30 (отыз) күн** бұрын хабардар ете отырып, осы Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.	3.3. Арендатор вправе в любое время досрочно расторгнуть настоящий Договор, уведомив об этом Арендодателя не менее чем за **30 (тридцать) дней** до даты расторжения Договора.
3.4. Жалға берушіге Пәтердің, Пәтердің кіреберіс есігі кілттерінің және Жалға алушыға Пәтермен бірге берілген мүліктің қайтарылуы, Жалға алушының осы Шартта көзделген жалдау төлемдері мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша берешегінің болмауы екі Тарап қол қоятын Пәтерді қайтару актісімен расталуға тиіс.	3.4. Возврат Арендодателю Квартиры, ключей от входной двери Квартиры и имущества, переданного Арендатору вместе с Квартирой, отсутствие у Арендатора задолженности по оплате арендных и иных платежей, предусмотренных настоящим Договором, должны подтверждаться Актом возврата Квартиры, подписываемым обеими Сторонами.
3.5. Жалға алушы Шартта көзделген жалдау төлемдерін және/немесе өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндетін бұзған жағдайда, Жалға беруші Жалға алушыдан көрсетілген міндеттемелердің кез келгенін бұзған әрбір күні үшін _____ (_____) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеуді талап етуге құқылы.	3.5. В случае нарушения Арендатором обязанности по оплате арендных и/или иных платежей, предусмотренных Договором, Арендодатель вправе потребовать от Арендатора оплатить неустойку (пени) в размере _____ (_____) тенге за каждый день нарушения Арендатором любого из указанных обязательств.
3.6. Жалға алушы Пәтерді және/немесе Пәтердің кіреберіс есігінің кілттерін және/немесе Жалға алушыға Пәтермен бірге берілген мүлікті қайтару жөніндегі міндеттемесін бұзған жағдайда, Жалға беруші Жалға алушыдан мыналарды төлеуді талап етуге құқылы:	3.6. В случае нарушения Арендатором обязательства по возврату Квартиры и/или ключей от входной двери Квартиры и/или имущества, переданного Арендатору вместе с Квартирой, Арендодатель вправе потребовать от Арендатора оплатить:
а) көрсетілген міндеттемелердің кез келгенін бұзған әрбір күні үшін _____ (_____) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды);	а) неустойку (пени) в размере _____ (_____) тенге за каждый день нарушения любого из указанных обязательств;
б) көрсетілген міндеттемелердің кез келгенін бұзған әрбір күні үшін осы Шарттың 1.1. тармағында көрсетілген жалдау ақысының 1/30 мөлшерінде мерзімі өткен бүкіл уақыт бойы Пәтерді пайдаланғаны үшін ақыны;	б) плату за пользование Квартирой за все время просрочки в размере 1/30 арендной платы, указанной в пункте 1.1. настоящего Договора, за каждый день нарушения любого из указанных обязательств;
в) осы тармақтың а) және б) тармақшаларында көзделген төлемдермен жабылмаған бөлігінде айырылып қалған пайда түріндегі залалдарды.	в) убытки в виде упущенной выгоды в части, не покрытой платежами, предусмотренными подпунктами а) и б) настоящего пункта.
3.7. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Тараптар арасындағы Шарт бойынша сотқа дейінгі тәртіппен реттелмеген даулар Пәтер орналасқан жердегі сот органдарында қаралады. Сотқа талап қою берілгенге дейін наразылық жіберу міндетті.	3.7. Договор регулируется законодательством Республики Казахстан. Споры между Сторонами по Договору, неурегулированные в досудебном порядке, рассматриваются судебными органами по месту нахождения Квартиры. До подачи иска в суд обязательно направление претензии.
4. Қорытынды ережелер	**4. Заключительные положения**
4.1. Тараптың екінші Тараптың осы Шартта	4.1. Уведомление, направленное Стороной почтовой

көрсетілген мекенжайына пошта байланысы арқылы және/немесе екінші Тараптың осы Шартта көрсетілген ұялы телефон нөміріне SMS-хабарламалар түрінде және/немесе WhatsApp, Telegram хабар алмасу қосымшаларында жазбаша және/немесе дауыстық хабарламалар арқылы жіберген хабарламасы осы Тарапты Шарт бойынша тиісінше хабардар ету (хабарлау/құлақтандыру) болып табылады. Жалға берушінің Жалға алушыға Пәтердің мекенжайына пошта байланысы арқылы жіберген хабарламасы да дәл сондай күшке ие.	связью по адресу другой Стороны, указанному в настоящем Договоре, и/или в виде SMS-сообщений и/или посредством письменных и/или голосовых сообщений в приложениях для обмена сообщениями WhatsApp, Telegram на номер мобильного телефона другой Стороны, указанный в настоящем Договоре, является надлежащим уведомлением (извещением/оповещением) этой Стороны по Договору. Такую же силу имеет уведомление, направленное Арендодателем Арендатору почтовой связью на адрес Квартиры.
4.2. Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалып, оларға екі Тарап та қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.	4.2. Договор вступает в силу с даты его подписания Сторонами и действует до полного исполнения обязательств Сторон по нему. Любые изменения и дополнения к Договору действительны лишь при условии, если они совершены в письменной форме и подписаны обеими Сторонами.
4.3. Тараптың Шарт бойынша құқықтары және/немесе міндеттері екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға/үшінші тұлғаларға берілмейді.	4.3. Права и/или обязанности Стороны по Договору не могут быть переданы третьему лицу/третьим лицам без письменного согласия другой Стороны.
4.4. Пәтерді қабылдау-тапсыру актісі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.	4.4. Акт приема-передачи Квартиры является неотъемлемой частью настоящего Договора.
4.5. Тараптар ұялы телефон нөмірлері және/немесе мекенжайлары өзгерген жағдайда, бір-бірін дереу хабардар етуге міндеттенеді.	4.5. Стороны обязуются незамедлительно уведомлять друг друга в случае изменения номеров мобильных телефонов и/или адресов.
4.6. Шарт заңдық күші бірдей екі данада, әр Тарап үшін бір данадан жасалды.	4.6. Договор составлен в двух экземплярах, имеющих равную юридическую силу, по одному экземпляру для каждой Стороны.
Тараптардың қолдары/Подписи Сторон:	
Жалға беруші/Арендодатель Т.А.Ә./Ф.И.О. _____ ЖСН/ИИН _____ жеке куәлік/удостоверение личности № ҚР ІІМ берген/выдано МВД РК _____ мекенжайы/адрес: _____ тел. +7 _____ _____ (Т.А.Ә., қолы, Ф.И.О., подпись)	**Жалға алушы/Арендатор** Т.А.Ә./Ф.И.О. _____ ЖСН/ИИН _____ жеке куәлік/удостоверение личности № ҚР ІІМ берген/выдано МВД РК _____ мекенжайы/адрес: _____ тел. +7 _____ _____ (Т.А.Ә., қолы, Ф.И.О., подпись)

ҚАБЫЛДАУ-ТАПСЫРУ АКТІСІ
АКТ ПРИЕМА-ПЕРЕДАЧИ

қ.г. _____	«__» _____ 2026 ж/г.
_____(Т.А.Ә.), бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, бір тараптан және _____(Т.А.Ә.), бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын, екінші тараптан, Тараптар арасында 2026 жылғы «__» _____ жасалған Пәтерді жалға беру шартының (бұдан әрі «Шарт») ажырамас бөлігі болып табылатын осы Қабылдау-тапсыру актісін (бұдан әрі – «Қабылдау-тапсыру актісі») төмендегілер туралы жасап, оған қол қойды:	_____(Ф.И.О.), далее «Арендодатель», с одной стороны, и _____ _____ (Ф.И.О.), далее «Арендатор», со второй стороны, составили и подписали настоящий Акт приема-передачи (далее - «Акт приема-передачи»), который является неотъемлемой частью Договора аренды квартиры, заключенного между Сторонами «__» _____ 2026 года (далее – «Договор»), о нижеследующем:
1. Жалға беруші __ (_____) ай мерзімге: 2026 жылғы «__» _____ бастап 202__ жылғы «__» _____ дейін _____ _____ мекенжайында орналасқан __ бөлмелі пәтерді (бұдан әрі «Пәтер»), сондай-ақ Пәтердегі мына мүлікті жалға берді, ал Жалға алушы оларды жалға қабылдап алды: 1) _____ 2) _____ 3) _____ _____ және Пәтердің кіреберіс есігінің ____ кілтін.	1. Арендодатель передал, а Арендатор принял в аренду сроком на __ (_____) месяцев: с «__» _____ 2026 года по «__» _____ 202__ года ____комнатную квартиру, расположенную по адресу: _____ (далее «Квартира»), а также находящееся в Квартире имущество: 1) _____ 2) _____ 3) _____ _____ и __ ключей от входной двери Квартиры.
2. Жалға алушы Пәтерді, Пәтердің кіреберіс есігінің кілттерін, сондай-ақ осы Қабылдау-тапсыру актісінің 1. тармағында көрсетілген Пәтердегі мүлікті таза, техникалық жағынан жарамды, тиісті санитариялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай күйде жалға қабылдағанын растайды, оларды ұқыпты әрі мұқият пайдалануға және қалыпты тозуы ескеріле отырып, өзі алған кездегі күйінде екі Тарап қол қоятын Пәтерді қайтару актісі бойынша Жалға берушіге қайтаруға міндеттенеді.	2. Арендатор подтверждает, что принял в аренду Квартиру, ключи от входной двери Квартиры, а также находящееся в Квартире имущество, указанное в пункте 1. настоящего Акта приема-передачи, в чистом, технически исправном, надлежащем санитарном и противопожарном состоянии, обязуется пользоваться ими бережно и аккуратно и возвратить их Арендодателю в таком же состоянии, в котором он их получил, с учетом нормального износа, по Акту возврата квартиры, подписываемому обеими Сторонами.
3. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою кезінде Жалға алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Жалға берушіге _____ (_____) теңге мөлшерінде кепілдік жарнаны (депозитті) берді.	3. При подписании Акта приема-передачи Арендатор передал Арендодателю в обеспечение исполнения своих обязательств по Договору гарантийный взнос (депозит) в размере _____ (_____) тенге.
4. Коммуналдық есептегіштерінің көрсеткіштері: - ыстық су: _____, - суық су: _____, - электр энергиясы: _____, - газ: _____.	4. Показания счетчиков учета коммунальных услуг: - горячая вода: _____, - холодная вода: _____, - электроэнергия: _____, - газ: _____.
5. Қабылдау-тапсыру актісі әр Тарап үшін бір данадан 2 данада жасалды.	5. Акт приема-передачи составлен в 2-х экземплярах, по одному экземпляру для каждой Стороны.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ/ПОДПИСИ СТОРОН:

Жалға беруші/Арендодатель	**Жалға алушы/Арендатор**
_____	_____
(Т.А.Ә. және қолы/Ф.И.О. и подпись)	(Т.А.Ә. және қолы/Ф.И.О. и подпись)